

## **"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 448 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

### **Қазақстан Республикасының Заңы Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы**

Осы Заң мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды жүргізуді жүзеге асырудың құқықтық негіздері мен қағидаттарын, құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен функцияларын айқындайды.

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдалынады:

1) әкімшілік-құқықтық статистика - әкімшілік құқық бұзушылық пен әкімшілік іс жүргізудің жай-күйі туралы мемлекеттік құқықтық статистика саласы;

2) ведомстволық есепке алу - құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері жүзеге асыратын, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жедел іздестіру және қызметтік қызметін қамтамасыз етуге арналған тұлғалар, заттар мен оқиғалар туралы олардың қылмыстық белгілері бойынша мәліметтерді жинау, топтау, тіркеу, жүйеге келтіру, жіктеу, сақтау;

3) мемлекеттік құқықтық статистика - қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық салаларындағы ведомстволық есепке алудың орталықтандырылған жүйесіне негізделген мемлекеттік статистика саласы;

4) азаматтық-құқықтық статистика - азаматтық құқықтық қатынас пен азаматтық сот ісін жүргізудің, осы саладағы атқарушылық іс жүргізудің жай-күйі туралы

мемлекеттік құқықтық статистика саласы;

5) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесі - құқықтық статистика және арнайы есепке алу уәкілетті органы мен субъектілерінің біріктірілген статистикалық ақпараттық дерекқоры;

6) құқықтық статистикалық байқау - заңдылықтың, құқықтық тәртіптің жалпы жай-күйіне, адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына әсер етуші құбылыстар мен процестер туралы статистикалық байқау;

7) құжатталған ақпарат - ұсынылған нысанына қарамастан, ақпараттық есепке алу құжатында жазылған, қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық салалардағы тұлғалар, заттар, фактілер, онда болатын оқиғалар, жағдайлар және басқа да құқықтық құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер;

8) ақпараттық есепке алу құжаты - соның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтері қалыптастыратын белгіленген нысандағы құқықтық статистикалық ақпараттың материалдық (қағаз, магнит, оптикалық) тасушысы;

9) жедел есепке алу - құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері жүзеге асыратын, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жедел іздестіру қызметін қамтамасыз етуге арналған тұлғалар туралы мәліметтерді жинау, топтау, тіркеу, жүйеге келтіру, жіктеу, сақтау;

10) құқықтық статистикалық ақпарат - статистикалық мақсатта пайдалану үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері уәкілетті органға беретін мәліметтер;

11) арнайы есепке алу - мемлекеттік құқықтық статистика саласындағы жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, құжатталған ақпаратты жинау, топтау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жіктеу, сақтау;

12) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері - мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алуды жүргізу, қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық салаларда қолданылатын құжатталған ақпаратты зерделеу мен талдау үшін уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық статистикалық ақпарат беретін құқықтық қорғау, сот және өзге де мемлекеттік органдар;

13) қылмыстық-құқықтық статистика - қылмыстың, жазалау мен қылмыс жасағаны үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал шараларының, қылмыстық іс жүргізудің, осы саладағы атқарушылық іс жүргізудің жай-күйі туралы мемлекеттік құқықтық статистика саласы;

14) уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы

## **2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта, осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алудың негізгі міндеттері мен қағидаттары**

1. Мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды жүргізудің міндеттері:

1) бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттардың негізінде елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпараттық қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесін жетілдіру мен дамыту болып табылады.

2. Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу:

1) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесін басқару бірлігі;

2) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығы, объективтілігі, жеткіліктілігі, тұрақтылығы мен салыстырмалылығы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте құқықтық статистикалық ақпараттың қол жетімділігі мен ашықтығы;

4) адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұлжытпай сақталуы;

5) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің құқықтық статистикалық ақпарат алудағы сұрау салуларын қанағаттандыру қағидаттарымен жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік құқықтық статистиканы және арнайы есепке алуды ұйымдастыру**

### **4-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады;

2) жедел, ведомстволық есепке алуды және жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен құпия негізде ынтымақтасатын тұлғаларды есепке алуды

қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізеді;

3) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерінің тұтастығына, объективтілігіне, жеткіліктілігіне қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, қорлау, жинақтау және сақтау әдістемесін белгілейді;

4) құқықтық статистикалық байқауларды жүргізеді;

5) құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласында ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асырады;

6) шаруашылық жүргізуші субъектілерге жүргізілген барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін жүргізеді;

7) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

8) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

9) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

#### **5-бап. Уәкілетті органның функциялары**

1. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері өз өкілеттіктері шегінде:

1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу мәселелері жөнінде құқықтық статистикалық ақпарат, ведомстволық статистикалық есептілік, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын, сондай-ақ статистикалық деректерді және арнайы есепке алуды жүргізу үшін басқа да ақпаратты өтеусіз алуға;

2) құқықтық статистика субъектілері беретін құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығына, объективтілігіне, жеткіліктілігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдарын бұзушылықтарды анықтауға және жоюға бағытталған бақылау және қадағалау шаралары кешенін жүзеге асыруға;

4) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша заңдылықтың бұзылуын анықтау мен жою үшін прокурорлық қадағалау актілерін қолдануға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылғандығы анықталған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілерге тексерулер жүргізу актілерін тіркеуден бастартуға;

6) оған Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері өз өкілеттіктері шегінде:

1) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында ақпаратты жинауды, өңдеуді, Жинақтауды жүргізуді және оны жандандыруды;

2) жүргізілетін құқықтық статистикалық байқаулардың бағдарламасын мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісуді және б е к і т у д і ;

3) мемлекеттік органдарды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерін құқықтық статистикалық ақпаратпен, арнайы есепке алу мәліметтерімен қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімде жеке және заңды тұлғаларға олардың қаражаты есебінен ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді;

6) мемлекеттік құпияларды құрайтын алынатын мәліметтердің және заңмен қорғалатын құпияның сақталуын;

7) ақпараттық жүйелердің рұқсатсыз қол сұғудан, құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы деректерді бүлінуден немесе жоюдан қорғауды;

8) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын жүзеге асыруға міндетті.

#### **6-бап. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері өз өкілеттіктері ш е г і н д е :

1) мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды енгізуге;

2) ведомстволық құқықтық статистикалық қадағалаудағы және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жедел іздестіру қызметін қамтамасыз етуге арналған жедел, ведомстволық есепке алуды жүргізуге құқығы бар.

2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлем мен мерзімде құқықтық статистикалық ақпаратты уәкілетті органға б е р у г е ;

2) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз етуге және өз өкілеттіктері шегінде құқықтық статистикалық ақпаратты көрсетудің толықтығы мен дұрыстығын бақылауды жүзеге а с ы р у ғ а ;

3) мемлекеттік құпияларды құрайтын алынатын мәліметтердің және заңмен қорғалатын құпияның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

#### **7-бап. Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдігі**

1. Құқықтық статистикалық ақпаратты тіркеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және беру барысында уәкілетті орган мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және заңмен қорғалатын құпияны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдайды.

2. Тергеу мен анықтау деректерін құрайтын нақты құбылыстар, процестер мен тұлғалар туралы құқықтық статистикалық ақпарат жариялауға жатпайды. Егер бұл тергеу мүдделеріне қайшы келмесе және басқа да тұлғалардың құқықтарының, бостандықтарының, заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына байланысты болмаса, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың рұқсатымен олар мүмкін деп танылған көлемде жариялануы мүмкін.

3. Адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мақсатында уәкілетті органға берілген барлық бастапқы құқықтық статистикалық ақпараттың сақталуы қамтамасыз етіледі.

### **8-бап. Статистикалық жұмыстарды қаржыландыру**

Уәкілетті орган, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері мен олардың аумақтық бөлімшелері орындайтын статистикалық жұмыстар, сондай-ақ оларды ұстау мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

## **3-тарау. Құқықтық есепке алуды тіркеу, арнайы есепке алу**

### **9-бап. Құқықтық есепке алуды тіркеу**

1. Құқықтық есепке алуды тіркеуді уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері құжатталған ақпаратты қабылдау, есепке алу және жүйелеу арқылы жүзеге асырады.

2. Құқықтық есепке алуды тіркеу қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық түрде жүзеге асырылады.

### **10-бап. Арнайы есепке алуды тағайындау мен жүргізу**

1. Арнайы есепке алу:

1) мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметін;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз етуге арналған.

2. Уәкілетті орган арнайы есепке алуды жинауды, топтауды, тіркеуді, өңдеуді, жинақтауды, жіктеуді, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

3. Уәкілетті орган өз өкілеттігі шегінде оған жүктелген міндеттерді орындау үшін жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алудың түрлерін белгілеуге құқылы.

4. Құқықтық статистика субъектілері өз құзыретіне кіретін міндеттерді шешу

мақсатында жедел және ведомстволық есепке алуды жүзеге асырады.

5. Арнайы есепке алуды құру, қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін уәкілетті орган белгілейді.

#### **4-тарау. Құқықтық статистикалық ақпаратты пайдалану және сақтау**

##### **11-бап. Құқықтық статистикалық ақпаратты пайдалану және сақтау тәртібі**

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында статистикалық мәліметтерді жариялауға, статистикалық жинақтарды шығаруға және құқықтық статистикалық ақпаратты практикалық және ғылыми-зерттеу мақсаттарында өзгедей пайдалануға құқылы.

2. Ақпараттық есепке алу құжаттары мен есептілік нысандары түріндегі құқықтық статистикалық ақпарат сақталуы уәкілетті орган айқындаған талаптарға сәйкес қамтамасыз етілетін жағдайларда сақталады.

3. Құқықтық статистикалық ақпаратты сақтау мерзімін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

#### **5-тарау. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық**

##### **12-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауап береді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*